

## БЕКМҰРАТ УАХАТОВТЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Айгерим ТАШЕКОВА \*

**Түйіндеме:** Аталмыш мақалада қазақ және түркі халық ауыз әдебиеті мұраларының өз ара көркемдік байланыстары туралы мәселе қарастырылады. Қазақ фольклористикасының тарихи - мәдени және тұрмыстық қарым-қатынас мазмұны түркі халықтарының ауыз әдебиеті байланыстарының ерекшеліктері тұтастығында танылып, поэтика тұрғысында зерделенеді. Көне түркі өлеңдері мен кейінгі қазақ өлеңдерінің мазмұнындағы айырмашылықтар мен ұлттық таным ерекшеліктеріне талдау жасалынады. Ең бастысы, фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатовтың қазақ – түркі халық ауыз әдебиетін жинау мен жанрлық сипаттамасын жасаудағы еңбектеріне баға беріледі. Ғалымның халық лирикасына жататын қара өлең мен қайым өлең ерекшеліктерін танытудағы ғылыми принциптерін анықтап, жанрын алғашқы болып жүйелеген, ішкі жанрға жіктеген, әрі кешенді түрде зерттеген ғалым ретінде таныту мәселесі қойылған. Фольклорлық шығармалардың құрылысын зерттеуді қазақ халқымен туыстас түркі халықтарымен салыстырыла қарастырылып, рухани философиялық мазмұны ашылады. Түркі тектес халықтарының фольклористикасының басты ерекшелігі – тақырып үндестігі мен дүниетанымдық көркемдігінің тұтастығы. Осы ретте ұрпақтан-ұрпаққа берілетін халықтың сөз өнері қазынасының өзара көркемдік сипаттамасы танылады. Қазақ фольклористика мұрасының көркемдік айшықтары мен жиналу ерекшеліктерінің өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтары талдауға түседі. Бекмұрат Уахатовтың түркі тілдес халық ауыз әдебиеті зерттеулеріндегі ғылыми ұстанымдар мен тәсілдері зерделенеді.

**Тірек сөз:** халық ауыз әдебиеті, әдеби байланыс, халық өлеңдері, поэтика, типология

### Features of the Oral Literature of the Turkish People in the Folklore Studies of Bekmurat Uakhatov

**Abstract:** The article deals with the issue of mutual artistic connections between Kazakh and Turkish folklore heritage. The content of historical, cultural and domestic relations of Kazakh folkloristics is recognized in the totality of the features of the oral literature of the Turkic peoples and is studied in terms of poetics. The differences in the content of the old Turkic poems and later Kazakh poems and the peculiarities of national knowledge are analyzed. The problem of recognition of the B.Uakhatov as a scientist who defined the scientific principles of revealing the features of folk lyrics, systematized the genre, classified it into sub-genres, and comprehensively studied it. The main feature of the folkloristics of peoples of Turkic origin is the harmony of the theme and the integrity of the artistic worldview. At the same time, mutual artistic characteristics of the treasure of speech art of the people, which is passed from generation to generation, are recognized. The similarities and differences of the features of the Kazakh folkloristic heritage and the features of the collection are analyzed. Bekmurat Uakhatov's scientific principles and methods in the research of Turkish-language folk literature are studied.

**Key Words:** folk oral literature, literary communication, folk poems, poetics, typology

### Кіріспе

Тарихи-салыстырмалы және жүйелеп зерттеу әдістерінің кешені түркі халық әдебиетінің ежелгі және бүгінгі тарихы зерттеуде өзіндік табысы мол. Өйткені бағзы замандардан бері дүниетаным мен пайымы, ділі мен діні, тарихы мен әдебиеті және мәдениеті бір арнадан бастау алып, көптеген кезеңдерде түркі тектес халықтардың ортақ құбылысы мен байлығына айналды. Бұған дәлел, көне сақ, ғұн, үйсін, алшын, қаңлы, қаңлық, оғыз, әзербайджан, қырғыз, ұйғыр, т.б. халықтарының фольклоры мен этномәдениетіндегі біртұтастықпен танылатыны белгілі.

Әдебиеттің ерекшелігі мәдениет кеңістігіне қарағанда ол өзінің қоғамдық, этникалық, тарихи-әлеуметтік және саяси кезеңдермен жағдайларға байланысты екені сөзсіз. Осы арқылы олардың ұлттық сипаты көрінеді. Ұлттық сипаттың танылуы оның дініне де байланысты. Әр дәуірде әр халық әртүрлі дінді ұстанған, мысалы, кейбір тайпалар шамандық немесе тәңірлік, ал енді бірі манихей, будда, христиан дінін тұтынса, тағы бірі зорастараға табыған – осының барлығы рухани өміріне зор із қалдырғанына ешбір күмән жоқ. Бүгінгі таңда да, түркі халықтары тек ислам дінін ұстанады деген

\* «Филология» мамандығының докторанты, Торайғыров университеті» КеАҚ, aiko\_tarbinovna@mail.ru

көзқарас дұрыс емес, себебі кейбір түркі халықтарының арасында будда немесе христиан дінін ұстанатын халықтар кездесіп жатады.

Осыған орай халықтардың арасында дүниетанымы мен сенім көзқарасының әртүрлілігі олардың мәдениеті мен әдебиетінде байқалады. Дегенмен, тарихқа көз салсақ, Шағатай (Мәуренәһр), Хорезм, Алтынорда және т.б. үлкен мемлекеттерінің басым көпшілігі ислам дінін дәріптеп ұстағандықтан, олардың ауыз әдебиетінің негізгі мүддесі саяси идеологиялық ұстанымдары біртұтастық белдеуде дамып, қалыптасты. Осылайша бұл түркі тілдес ұлыс-ұлттардың өмір сүру жағдайлары бір-біріне көршілес өзара бағынышты жағдайда жасасап, әдебит пен мәдениетінде де тарихи тұтастық кеңістігін жасады.

Ежелгі дәуір сюжеттері мен көне түркі халықтарында дүниеге келген аңыздар, тарихи оқиғалар, өлеңдер барша түркі тілдес халықтарының әдебиеттерінен көрініс табады. Сонымен қатар түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің сабақтастығы туралы зерттеулер жүргізуді әлі де өзекті мәселе болып табылады. Орта ғасырлардағы түркі тектес халықтарының фольклористикасының сюжеттік және көркемдік тоғысы әралуандығымен ерекшеленгенімен, басты қайнар көзі – мифология, аңыз-ертегі, эпсана т.б. эпикалық сарын үндестігімен көрінеді.

Бүгінгі күнге дейін ежелгі халықтарының көшпелілігі, ауыз әдебиетінің мазмұны мен кейіпкерлерінің, мотивтерінің ұқсастығы т.б. көптеген мәселелер көптеген ғалымдарының ғылыми зерттеулерінде қарастырылып келеді. В.Жирмунский, А.Веселовский, Н.Конрад секілді ғалымдарының зерттеулері осы тақырыптарды кездестіруге болады. Сонымен қатар Л.Лигетти, П.Пелльо, Ю.Немет, Н.Банарлы, В.Бартольд, Х.Короглы, И.Брагинский, В.Радлов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Ә.Дербісәлин, Қ.Өмірәлиев, Б.Уахатов, А.Қыраубаева, Н.Келімбетов, Ш.Ыбыраев, Ө.Күмісбаев, С.Қасқабасов және т.б. ғалым-зерттеушілердің еңбектерінде түркі тектес халықтары ауыз әдебиетіндегі тарихи жүйелеу әдісіне қатысты әртүрлі мәселелер бойынша құнды ой-пікірлерді кездестіруге болады.

Академик В.В.Радлов «Образцы народной литературы северных тюркских племен» атты он томдық жинағында түркі тектес халықтарының фольклорының зерттеулеріне арналған, зерттеу барысында ғалым төмендегідей шешімге келген: «Өздерінің туыстас түрік тектес елдерімен салыстырғанда, қырғыздар да, қазақтар да сөзге шешендіктерімен ерекшеленеді. Олардың шешендіктеріне, шынында да, таң қалмасқа болмайды. Қазақтар сөйлегенде ешбір мүдірмей, күрмелмей есіп жүре береді, ойларын дәл, айқын етіп бере білумен қатар, сөз, сөйлемдерін белгілі бір дәрежеде әдемілікке безейді, әңгімелесіп отырғанның өзінде жай сөйлемінде не жайылма сөйлемінде болсын ырғақ анық байқалып және жиі кездеседі.

Өлең шумақтарында ғана ұшырайтын сөйлем түрлері жай сөздердің өзінде іркес-тіркес келіп жатады да, тыңдаушыға өлең тәрізді әсер етеді. Ырғаққа құрылған сөздерді дүниедегі көркем өнердің ең жоғарғы биігі деп ұғынатын, суырылған шешендікке жаны рақаттанатын халықтың сөздері солай болып келуі әбден түсінікті. Сондықтан да қазақ халық поэзиясының дамуы жоғарғы сатыға жеткен. Олардың мақалдары да, насихат, нақыл сөздері де әдейі қолданылған ұйқастарға негізделінеді; тарихи жыр, айтыстар, салт өлеңдері, жоқтаулар т.б. – бәрі де жиын, тойларда әрдайым-ақ жырланады және оларды жұрт емірене тыңдайды. Сонымен бірге қазақта суырып салмалық (импровизация) – мейлінше көп таралған өнер. Аз-маз тәжірибесі бар ақындардың табанда-ақ өз жандарынан өлеңдер шығарып, әдейілеп жырлап беруге мүмкіншіліктері мол» [1, 3-4 бб].

Қазақ халқының фольклоры – қазақ елінің кең ауқымды көркем сөз шығармашылығы болып табылады. Зерттеулерге көз салып қарасақ, бізге жеткен шығармалардың алғашқы нұсқалары сонау бағзы заманда, түркі тектес халықтарының,

одақ-тайпалардың сөйлеу тілі қалыптаса бастаған кезде пайда болған. Қазақ фольклорының көне үлгілері орхон-енесей ескерткіштеріндегі руна жазуларында (VII ғ. соңы — VIII ғ. басы) кездеседі.

Алтай өңірі мен Еділ бойы, Орта Азия мен Қазақстанды мекендеген түркі тектес халықтарының ауыз әдебиеті, атап айтсақ, мақал-мәтелдері мен жұмбақтары, аңыз-ертегілері, дастандары мен поэмалары, өлеңдері мен лиро-эпостық жырларының бастаулары бір-біріне жақын, ұқсас келетіні белгілі. XI ғасырдың ғұлама ғалымы Махмуд Қашқаридің еңбегі «Диуани лұғат ат-түрк», Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» атты еңбегі, XIII ғасыр ойшылдарының бірі Рабғузидің «Қиссасул-анбия» атты еңбектерінде қазақ фольклорының үлгілерін кездестіруге болады. Сонымен қатар қазақтың «Алпамыс» дастаны алтай елінде «Алып-манаш», өзбектерде «Алпомиш», башқұрт халқының ауыз әдебиетінде «Алпамыса менән барсын һылу», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры башқұрт халқында «Кузый курпес мәнән маян-хылу», алтай халқында «Қозы әркеш», «Қобыланды» дастаны түркі тектес халықтарының бірі – қарақалпақ халқында «Қобылан» деген атпен аталады, ал мазмұны өте ұқсас болып жырланатыны да баршамызға аян.

Қазақ ауыз әдебиетінің алғашқы жазба әдебиеті ретінде бастау алуы – Ж.Баласағұни мен М.Қашқаридың XI ғасырдағы алғаш жарық көрген кітаптарымен ұштастастырылады. Аталмыш ғұлама еңберіне енген жұмбақтар мен мақал-мәтелдер, өлеңдер мен жырлар қазақ фольклорының оригинал нұсқаларымен ұқсас екеніне көзіміз жетті, оған дәлел 1363 жылы Венецияда басылып шыққан «Кодекс куманикус» жинағында кездесетін мақалдар мен жұмбақтар: «Бейнет түбі — зейнет», «адамның аласы — ішінде, малдың аласы — сыртында», «қонақ келсе — құт келер»; «Ерте тұрдым — алып ұрдым» (есік), «Айдалада ақ отау, аузы мұрны жоқ отау» (жұмыртқа), «буы бар да ізі жоқ» (кеме) т.б.

Қазақ фольклорының үзінділерімен таныса отырып, қазақ халқының тарихымен, арман-мүддесімен, сонымен қатар қандай тарихи кезеңдерді басынан өткізгенін, елдің рухани дүниетанымының дамуын аңғаруға болады. Бұл ретте алғашқы қауымдастық қоғам, рулық-патриархалдық кезең, феодалдық заман дәуірі қазіргі ауыз әдебиетінің кең мағынадағы мазмұнымен, жанрлық пішінімен ерекшеленеді. Мәселен, тәңіршілдік күшіне сену, жалбарыну мәніндегі өлең-жырлар алғашқы қоғамдық дәуірдің көрінісі болды. Ал шаман, Ислам дініне байланысты пайда болған шығармалар діни наным-сенімдердің ықпалын толықтай көрсетеді.

Қазақ фольклористикасының негізгі жанрлары – тұрмыс-салт жырлары, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, тақпақтар, шешендік сөздер, ертегілер, батырлар жыры, ғашықтық жырлар (лиро-эпос), тарихи жырлар, айтыс өлеңдер болып табылады. Әрине, аталмыш фольклорлық туындылар мазмұнына, тақырыбына, құрылысына қарай ішкі жанрлық түрлерге жіктеледі. Өзгелермен салыстырғанда тұрмыс-салт жырларының түрлері әралуан және молынан кездеседі. Діни ұғымға байланысты өлеңдер, жалбарыну, арбау, бақсы, бәдік сарыны болып бөлінсе, қыз ұзату мен үйленуге байланысты өлеңдер – сыңсі, бет ашар, жар-жар, той бастар болып бөлінеді. Одан басқа да түрлі кәсіпке, төрт түлікке байланысты өлең түрлері және адам өмірінде болатын қайғылы шақтарды білдіретін естірті, көңіл айту, қоштасу, жұбату, жоқтау сияқты өлеңдер де кездеседі.

Қазақ фольклорындағы халықтың өлең-жырларын немесе халық лирикасын ұсақ өлеңдерден құралған. Өтірік өлең мен қара өлең, толғау мен бесік жыры, тақпақтар мен термелер сынды шығармаларды да осы топқа жатқызуға болады. Дастандарға лиро-эпос, батырлар жыры, тарихи жырлар жатады. Ертегілер тобын хайуанат жайындағы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілері және салт ертегілері болып бөлінеді. Бейнелі сөздер тобын шешендік сөздер, қанатты сөздер, нақылдар, мақал-мәтелдер құрайды. Сондай-ақ

жаңылтпаштар мен жұмбақтар да осы бөлімге жатады. Кейбір тұрмыс-салт жырлары көне заманда пайда болса, айтыс пен тарихи жырлар бертінде пайда болды.

Ауыз әдебиетінің ауызша шығарылып, ауызша тарағандықтан, олардың бірнеше нұсқалары болуы заңды құбылыс. Ауызша айту, алдындағы өлеңді орындау – өзгеріссіз қайталып шығу емес, ол – шығармашылық көркем де күрделі құбылыс болып табылады. Егер алғашқы нұсқадағыдай ешбір өзгеріссіз қайталана берсе, заман ағымына сай өз өзектілігін жоғалтып алу қаупі болар еді. Сонымен қатар, қазақ фольклорында кездесетін ауқымды жарларының көп нұсқалы болуы – тыңдаушылардың өзгеріп отыруына сұраныс пен талаптарының, тілектерінің, дүниетанымының өзгеріп отыруына тікелей байланысты болып табылады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетін жинау жұмысы XVIII ғасырдан басталады. Ресейден Қазақ даласына шыққан түрлі экспедициялардың мақсаты фольклорлық және этнографиялық деректерді жинап зерттеуден басталған болатын. Алайда, фольклор үлгілерін жүйелі түрде жинау жұмысы XIX ғасырда жүзеге асты[2].

В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Е. Алекторов, А.В. Васильев, сияқты ғалымдар ауыз әдебиеті жанрларын жіктей отырып, олардың текстол-сына да көңіл бөлді. Түптеп келгенде фольклорлық мұраны жинау және жарыққа шығару халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, наным-сенімін, дүниетанымын білудің негізгі дерек көзіне айналды[3]. Ал XX ғасырда фольклорды жинау мен жариялау жұмысы, мейлі ол идеологияның құралына айналса да, мемлекет тарапынан қолдау тапты. XX ғасырдың басындағы Ә.Диваев бастаған бірнеше экспедициялардан бастап, жер-жерден жинау жұмысы үздік-создық күні бүгінге дейін сұраныстары жалғасып келеді [4].

Көшпелі қоғамның мұндай қажеттіліктерін жан-жақты әрі тұтастай атқарған сөз жоқ, халық ауыз әдебиеті болды. Фольклор үлгілерін жинау ісі оны жарыққа шығару жұмыстарымен қатар жүріп жатты. XIX-XX ғасырлардың басында Қазан, Уфа қалаларында қазақтың батырлық жырлары, діни және ғашықтық дастандары көптеп жарық көрді [5]. «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Алпамыс», «Бозжігіт», «Мұңлық – Зарлық», «Шәкір – Шәкірат» т.б. жыр- дастандар дүркін-дүркін қайта басылып шықты. Ал, кеңестік дәуірде ауыз әдебиетінің көптеген үлгілері белгілі бір түзетулер мен редакциялауларға ұшыраса да, көпшілікке жол тапты [6]. Бүгінгі таңда дастандар, эпостар, аңыз-ертегілер, әңгімелер, айтыстар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, айтыстар т.б. фольклорлық үлгілер жиналықталып жарық көруде. Оған дәлел, «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр» лиро-эпос жырларының қазақ және орыс тілдерінде басылымнан шығуы фольклорлық текстология тарихында биік белестің бағындыруының бірі десек артық емес. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің көптомдық басылымын (1997 жылға дейін 17 томы жарық көрген) шығару қолға алынды. Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Уахатов, М.Дүйсенов, М.Мағауин, Н.Төрекұл, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов және т.б. ғалымдардың бірнеше іргелі зерттеулері жарық көрді.

Қазақ фольклорының тарихы мен типологиясы, методологиясы жан-жақты зерттелді. Кәсіби ұлттық өнердің басқа да түрлері (кино, театр, опера және т.б.) үшін қазақ ауыз әдебиеті таптырмас байлық десек артық болмас. Қазақ сахнасындағы тұңғыш опера (Қыз Жібек, Айман-Шолпан), қазақ киносы мен театрындағы қойылымдардың сәтті көрінісі этнофольклордан бастау алады. Ең бастысы ұлттық дүниетанымы мен тағылым пайымының қалыптасуын зерттейтін ғылыми әлеует кеңістігі сөз жоқ, ауыз әдебиеті үлгілерінен қуат алатыны сөзсіз. Бұл қатарда ұлттың ана тілі мен тарихи шежіресі көркем суреттелетін фольклорлық туындылар хылақ шығармашылық қатарын көбейтеді. Қазіргі таңда заман талабына сай ауыз әдебиетінің кейбір жанрлары жаңаша

сипаттармен дамуда. Атап айтсақ, жар-жар, сыңсу, бет ашар, айтыс, бата т.б. халық қазына айналып отыр.

Кішірігім жанрлардың даму үрдісінде түркі тектес мәдениетінің тілі мен дүниетанымы ерекшеліктерінің сақталып келгенін байқауға болады. Халық әндеріндегі, өлеңдеріндегі әуездер мен әуендерден орта түркі тектес халықтарының сарыны аңғаруға болады. Күнделікті кездесетін ауыз әдебиеті үлгілеріндегі шығармаларда түркі тектес халықтарының ерекшеліктері сақталған. Мысалы, Әзербайжан фольклорында баяты танымал болып, ал поэзияда араб және парсы тілінен әлі бас тарта қоймаған кезеңде атап айтсақ, XIV ғасырда бір-бірімен үнемі соғысып жүрген қараман, осман, түркілерімен тайпалары арасындағы дұшпандықты жойып, елде заңдар мен ережелерді нығайту үшін қолынан келгенді аямаған әмірші-ақын Гази Бурханеддин түркі әдебиетінің ең көне жанрларының бірі - тұйықтарды жазған. Тұйықтар - түркі рухының бірлік сезімін өлтірмей, түркілердің ежелгі түп-тамырына шақырып, бірлікке үндейтін. Жалпы түркі әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі - көркем ойлау жүйесіне мифтік және реалистік бастау диалектикасының тән болуы деп тануымыз қажет.

Мифологиялық көзқарастағы түркі өркениетінің даму кеңістігінде аңыз бен ақиқаттың, көне мен жаңаның арасындағы трансформациялық байланысты құрастырады. Себебі түркі тектес халықтарының эпостық туындылары қазіргі кезеңде көркемдік-эстетикалық даму жағынан жаңа форматта танылғанын байқамыз. Тарих тоғысында мәдениет пен руханият қазынасын көзқарашығындай сақтап қалғандықтан түркі әдебиеті әлемі өзінің фольклорлық дәстүрімен барлық мифо-поэтикалық жанрдың классикалық қасиетін сақтауымен ерекшелінеді. Сондықтан да мифологиялық көркемдік пен фольклорлық дәстүр бір арнада дамиды. Бұл тұрасында бағзы заманнан әдебиетінің даму кезеңдері бір арнада болғандықтан көне түркі тектес халық фольклорларының жауһарларын зерделеуде салыстырмалы жүйелеу әдістерін қолданудың жаңа бір белестері айқындаланды және соған негізделеді. Осы ретте өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ – түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін жинақтап, зерделеген ғалымдардың бірегейі- филология ғылымдарының докторы, профессор Бекмұрат Уахатов болды.

Ғалым 1968 жылы «Фольклордағы сөз бен саз туралы» деген тақырыппен Киев қаласында өткен Бүкілодақтық симпозиумда баяндама жасайды. Осы 1968 жылы қазан айында Душанбе қаласында «Орта Азия мен Қазақстан халықтарының әдебиеті және олардың ауыз әдебиеттерінің бір-біріне ықпалы» атты республика аралық ғылыми конференциясы өтеді, аталмыш шарада делегаттар қатарында болады. Фольклорист-ғалым 1969 жылы ҚазССР ҒА Әдебиет және өнер институты ұйымдастыруымен өткізілген «Қазіргі кездің проблемалары және қазақ фольклорының перспективалық дамуы» деген тақырыптағы ғылыми-теориялық конференция жұмысының бас қасында болып, өзінің қазақ фольклористикасындағы зерттеу нәтижелері бойынша ғылыми баяндама жасайды. Сондай-ақ Б.Уахатов 1975 жылы Алматы қаласында өткен II Бүкілодақтық түркология конференциясында ат салысса, ал 1980 жылы Ташкент қаласында болған III Бүкілодақтық түркология конференциясына делегат болады. Бұл конференцияда «Қазақтың халық өлеңдерінің типологиялық ерекшелігі» деген тақырыпта үлкен кесекті баяндамамен сөз алып, халық өлеңдерінің дамуы, жиналуы, зерделенуі туралы үлкен ой қозғайды.

Бекмұрат Уахатов халық ауыз әдебиетінің негізі – халық өлеңдері туралы тыңғылықты зерттеу жұмыстарын кешенді түрде жүргізіп, өзіндік ғылыми ұстанымдарын ұсынды. Зерттеу нысанында фольклоршы-ғалым халық өлеңдерінің шығу тегін, поэтикалық құрылысын, жанрлық жүйесін айқындап берді және оны татар, қарақалпақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек халық ауыз әдебиетімен салыстырып қарастырды. Ғалым ағаның сол қомақты да кешенді зерттеулері жинақталып, «Қазақтың халық

өлеңдері» деген атпен кітап болып шықты. Танымал фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатов қазақ ауыз әдебиетінің осы жанрын тереңірек зерттеген. Осылайша, ғалым тұрмыс-салт жырлары арқау болған халық өлеңдеріне терең көңіл бөліп, қазақ әдебиеттану ғылымына өзінің сүбелі ғылыми-зерттеу жұмыстарымен зор үлес қосты. Фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатовтың зерттеулеріне оң баға берген профессор ғалымдар көпшілік. Соның бірі профессор Ә.Ыдырысов: «...Ғалым ауыз әдебиетінің тұрмыс-салт жырлары түрінің де түп қиян – генезисін қазақ фольклористикасы ғылымында алғашқылардың бірі болып ашты. Ғалым мұның қыр-сырын ашуды – қазақ халқының ықылым заманынан бергі ұлттық бейнесі түйінделген тұрмыс-салт жырларының мәнін ашуды кейінгі ғасырларда жасар ұрпақтарға аманат сый деп ұқты» [8].

«Қазақтың халық өлеңдері» атты еңбек қазақ өлеңдерінің сонау ерте заманнан бергі өсу, даму процесін көрсетуге және оның жанрлық сыр-сыйпатын ашуға арналған. «Қазақтың халық өлеңдері», негізінен, екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде қазақ өлеңдерінің көне дәуірдегі үлгілері зерттеліп, талдауға алынған. Соның ішінде еңбек пен кәсіпке, тұрмыс пен салтқа, ескілікті наным-сенімге орай туған өлеңдердің арғы шығу төркінін – генезисін, трансформациялану жолдары мен типологиялық айырым-ұқсастықтарын автор ел өмірі, халық тұрмысымен тығыз байланысты тексеріп, тың тұжырымдар жасаған. Сондай-ақ үгіт өлеңдері мен салт өлеңдерінің жаңалықты сыр-сипаттарын саралаған және осы тараулардың қай-қайсысы болса да, елдің әдет-ғұрып, салтымен, этнографиясымен тығыз байланысты қарастырылған. Бұл ретте автор бұрыннан белгісіз болып келген әдеби-этнографиялық деректер мен мол жаңа материалдар тауып, соларды орны-орнымен дәлелді тұжырымдамалармен зерделей білген.

«Қазақтың халық өлеңдері» атаулы еңбектің ендігі бір құндылығы – оның түркі тілдес халықтардың өлең - жырларымен салыстырыла отырып зерттелуінде. Бұл жағынан алғанда Бекмұрат Уахатов қазақ фольклористикасына өзінше әжептәуір жаңалықтар әкелген. Ол орыс, украин, тәжік, түркімен, қырғыз, карақалпақ, әзірбайжан, алтай, татар, ұйғыр секілді бауырлас халықтарда өлең жанры қалай зерттеліп, қалай тексерілуде деген мәселеге де тоқталып, әр ұлт арасындағы жақындықтың тарихи тамырын танытқан. Соның ішінде Махмұд Қашқаридың «Сөздігінен», Орхон-Енисей тас жазбаларынан т.б. көне кітаптардан келтірілген өлеңдер мен үзінділерді қазақ өмірімен, қазақтың халық өлеңдерімен салыстыруы жаңалықты, айтулы құбылыс. Түйіндеп айтсақ, қазіргі ғылыми- теориялық ойды негізге ала отырып жазылған бұл еңбекті халқымыздың өткені мен бүгінгісін танып білуімізге көмектесетін аса бағалы зерттеу деп қарауымыз керек. Ең бастысы, түркі әдеби әлеміне қосылған құнды түркілік жәдігер деп бағалауымыз керек.

Кітап ішінде ерекше атап көрсетерлік екі тарау бар. Мұның біріншісі – қазақтың халық өлеңдерінің жанрлық сипатын баяндауға бағытталған да, екіншісі – халық өлеңдерін классификациялау мәселесіне арналған. Біздің ойымызша, бұл екі тараудың екеуі де өзінің теориялық ой-тұжырымдарының тереңдігімен құнды деп есептейміз. Әсіресе, халық өлеңдерінің жанрлық - композициялық ерекшеліктерін ашып көрсетуі, оның арғы шығу, таралу төркініндегі заңдылықтарды баяндауы жағынан алғанда бұл еңбек қазақ өлеңдерін зерттеудегі алғашқы қадам болып саналады. Сондай-ақ қазақтың халық өлеңдерін түр-түрге даралап, жіктеу кезінде автор дүние жүзі фольклористикасы қолданып келген принциптерді айтып, қазіргі фольклористиканың әр сала тәжірибелеріне тоқталады. Негізінен сол принциптерге сүйене отырып, ол қазақ өлеңдерінің өз ерекшелігінен туатын жүйелеу дәстүрін әңгімелейді. Қазақ өлеңдерінің жиналу, зерттелу тарихына шолу жасайды.

Қазақ Елінің шер-мұңын, салтанатын, ойын-сауығын, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін, ішкі толғанысын бүгінгі ұрпақтың жүрегіне жеткізетін ұлттық өнеріміздің бірі – қазақтың халық өлеңі екені сөзсіз баршамызға аян. Бағзы замандағы ел жайын, балалар кешкен ғұмырдың, әкелер басынан өткерген тағдырдың мағынасын ашып, қадірін сездіретін сезімге толы мөлдір шумақтардың қасиеті ерекше. Оның әр жолы қалың шаңның арасынан табылған асыл моншақтай бағалы да салмақты.

Асыл сезімнің нәзіктігін сездіретін «Шилі өзен қамыс-ай!» мен «Белден асқан бұлтпенен араласып» ... көшкен елдің керуенін көз алдына әкелетін ғажайып өлеңдердің қадірін танимыз. Халқымыздың басына төнген қаралы күннің куәсі болған «Елім-ай» әніне тең келетін трагедиялық ән жоқ. Әр түрлі әуендегі өнер туындысы елес берсе де, оны «Қаратаудың басынан көш келеді» деген сөзбен шендестіруге қимайсыз. Халық тағдыры мен тарихының қасіретін осындай сарынмен, психологиялық сезіммен жеткізетін таланттың қуатына табынасыз. Рухани әсемдігімен жанды баурап, өткеніміздің сан түрлі құбылысын көз алдымызға әкелетін қара өлеңдердің эстетикалық әсеріне бөленеміз

Шынтуайтқа келсек, халқымыздың тарихымен біте қайнасқан, үлкен өнеріміздің бір саласы – халық әндері осы уақытқа дейін көлемді ғылыми еңбектің нысанасы болып арнайы зерттелген жоқ болатын. Ұлы Даламыздың тауларындай өр, қырмызы қызғалдақтарындай сан-түрлі бояуға толы халық өлеңдерінің сырын жан-жақты зерттеп, олардың дамуы мен өзіндік ерекшеліктерін жарқырата көрсету, жүйелі пікір айту - құштарлық пен ой-өркінің кеңдігін ғана емес, сонымен қатар әженің әлдіі мен тұрмыс-салт жырларын жастайынан құлағына құйып өскен іздемпаз зерек адам болуды да талап ететін кеңістік. Осы орайда Бекмұрат Уахатов «Қазақтың халық өлеңдері» атты монографиясының мазмұны автордың алған объектісін дұрыс зерттеп, жинаған материалдарына пайымды тұжырым жасағандығын байқатады.

Б. Уахатов қазақ өлеңдерінің түрлері туралы көптеген зерттеулердегі ұсыныстарды ой елегінен өткізе келіп, қазақ өлеңдерін екі топқа бөледі.

Алғашқысы - тұрмыс-салт өлеңдері. Мұның бірнеше тарауларға бөлінуі – ғалымның алған тақырыбын еркін игеруіне жағдай жасағанын байқаймыз. Мысалы, көне дәуірден келе жатқан аңшылық өнері туралы V-VIII ғасырдағы Орхон-Енисей ескерткішінде:

Ақыл иесі,

Сөз иесі мен болдым.

Шұғай құзында,

Қарақұмда отырушы едік.

Киік жеп, Қоян жеп отырушы едік.

Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді,

Біз жемтік едік (Тоныкөк, Батыс беті мәтіні 4-7. жолдар) [13]. Жоғарыда келтірілген жолдарды мысалға алып, қазақ өлеңдерінің төркіні әріде екендігін аңғартады.

Әдет-ғұрыпқа арналған тараудағы бір назар аударарлық нәрсе: балаларға арналған халық өлеңдеріне арнайы тоқталып, талдау жасалғандығын аңғарамыз. Ғалым бүлдіршіндерге шілдехана өткізу, тұсау кесу, қаз-қаз тұрғызу кезінде айтылатын жеке шумақтардан бастап, ақсүйекке дейінгі ойын өлеңінің мәнін, қажеттілігін, этнографиялық ерекшелігін талдаған. Қалыңдық алып, өз алдына отау құруға байланысты салттың отыздан астам түрін атап, әрқайсысына сай шығарылған өлеңдерден көптеген мысалдар келтірген.

Ал екінші тобына - лирикалық өлеңдерді кіргізген. Оны халық арасындағы айтылуына қарай қара өлең және тарихи өлең деп жіктеген.

Қара өлең - көпшілікке кеңінен тараған фольклорлық мұра. Ол көбіне он бір буынды, төрт тармақты болып келеді. Салтанатты кеште қара өлеңмен өнер сынасып, таңға талмайтындар талайлардың көңілінен шыққан жыр маржаны. Кейін шай өлең, кері-өлең, тау-өлең, жер- өлең болып көпшіліктің арасына кеңінен таралған.

Тарихи өлеңдерде де халықтың тұрмысы кеңінен орын алған. Мысалы XVII-XX ғасырдың аралығындағы өлеңдерде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» мен Хиуа хандығының сұрапыл шапқыншылығы кеңінен орын алған. Соның барлығын бір жүйеге кәсіби тұрғыда жинақтап келтіріп, тарихи өлеңнің табиғатын ашқан. Сондай-ақ монографияда халық өлеңдерінің даму тарихы мен қазіргі тағдыры, ерекшелігі байыпты баяндалады, өзіндік ғылыми пайымдарымен дәлелденеді.

Сонау ерте замандағы алғашқы қауым адамдарының өмірін көрсететін аңшылық, бақсылық, арбау - байлау өлеңдерімен бірге наурыз, төрт түлік туралы өлеңдердің неше бір тамаша, әдемі үлгілері бұрын еш жерде жарық көріп басылмаған. Сондай-ақ ескілікті рулық, салттық әдет-ғұрыптарды, үй- ішінің әртүрлі кәделері: қыз беріп, келін түсірудің жора - жосындарын бейнелейтін той бастар, жар-жар, беташар, сынсу секілді өлең түрлері бар.

«Ортақ жанр, ұқсас үлгілер» деп аталатын екінші тарауда Б. Уахатов қазақ, қырғыз, өзбек, алтай, қарақалпақ, татар. башқұрт, әзірбайжан, қарашай, саха, бурят сияқты түркі-моңғол халықтарының тұрмыс-салт жырларындағы мазмұн, тақырын бірлігін, орындалу ерекшелігін ашу үшін халық өлеңдерінің топталуы мен жіктелу принциптері, құрылымдық өлшемдері хақында мол деректер келтіреді. Бауырлас елдер фольклористерінің бұл тараптағы ғылыми көзқарастарын ескеретін зерттеуші славян жұртындағы мәдени жәдігерлерді іріктеу өнегесіне көбірек көңіл бөледі де, негізгі классификациялық жүйені ең алдымен жанрлық- функционалдық, поэтикалық, этнографиялық қасиеттерге орайлас жүргізуді құптаған [7].

Көптеген халықтардың көне тарихындағы табиғат күшімен тікелей қарым-қатынас салдары іспетті күнге, отқа табыну сияқты мифтік сана көріністері, шамандық пен бақсылық, абыз, балгер, емші типтерінің генеалогиясы, арбау өлеңдері, бәдік жыры, Қорқыт күйлері жайлы толғам түркі-моңғол тектес жұрағаттарға қоса, орыс, украин, жаңа гвинеялық папуастар өмірінен алынған ұқсату, болжам, байламдар арқылы мейлінше дәлелді естіледі. Ғалымның: «Біріншіден, бақсы сарындары мен арбаулар тұрмыс-салт өлеңдерінің өзге түрлеріне қарағанда қысқа, текстері мифтік планда, көбінше ішкі семантикалық байланыстары аңғарыла бермейтін сөздерден тұрады. Өлеңге арқау болған мотив, негізінен, метафоралар мен үзік-үзік ассоциациялар арқылы жасалады. Кейде мифологиялық ұғымдар, пір - иелердің аттары кездеседі. Айтайын деген ойын тура айтпай, оны астарлап, символмен тұспалдап беруге тырысады. Сөзді ойнатып, үсті-үстіне қайталап, әр түрлі комбинациялар жасап отырады. Қысқасы, арбау өлеңдеріне тән мұндай поэтикалық өзгешеліктер дүниежүзі халықтарының фольклорында бар ортақ тенденциялар» [9, 246-247 бб.], - деген ойларындағы нақтылық, айқындық, ықшамдық және мәселені тар шеңберде қалдырмай, жанды типологиялық байланыстар дамуы үстінде талқылауға ұмтылыс бүкіл кітап бойында сақталған.

Кітапқа кірген өлеңдердің көркемдігі жақсы, ең тәуір деген үлгілері іріктеліп алынған. Өлеңнің кейбір нұсқалары бірін-бірі қайталамайды, қайта бірін-бірі толықтырып отырады. Кітаптың алғы сөзі мен түсініктері оның мазмұнына, мақсат-мүддесіне лайықты ғылыми биік дәрежеде жазылған.

Ұлттық фольклортану және әдебиеттану ғылымының өсіп өркендеуіне елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым Б.Уахатовтың ғылыми мұрасы еліміздің рухани игілігі болып табылады. Ол «Батырлар жырының» (Алматы, 1961 ж.) I томын құрастырып, бастырды, қазақ фольклортануының сан қилы проблемалары бойынша бір өзі сегіз монографиялық тұғырлы ғылыми еңбек жазып, бастырған. Он тоғыз ғылыми-зерттеу



кітаптарында, ондаған ғылыми басылым еңбектер мен хабарларда, сандаған одақтық, республикалық, облыстық газеттер мен журнал беттерінде жүз қырық алты публицистикалық, оның тоқсан бірі әдеби-сын мақалалар жариялаған. Он сегіз ұжымдық ғылыми кітаптың (мәселен, «Пернедегі термелер». Алматы, 1965 ж., «Халық фольклористикасы». Алматы, 1972 ж., «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы». Алматы, 1973ж., «Жамбыл және қазіргі қазақ поэзиясы». Алматы, 1975 ж., «Қазақтың тарихи жырларының мәселелері». Алматы, 1979 ж., «Қазақтың музыкалық фольклоры». Алматы, 1982 ж., «Қазақтың шешендік өнері» атты сүбелі еңбектерінің бәрі қазақ – түркі фольклористикасына қосылған зор үлес деп танымыз. Ғалым ұлттық фольклортану мен түркі әдебиеттану ғылымының өсіп өркендеуіне қомақты үлес қосты, ұлттың фольклортану ғылымын қалаған мамандардың алғашқы легінде болып, бұл істе кәсіби шеберлігімен көрінді. Ғалымның қазақ фольклортануы туралы құнды зерттеулерін ұлтымыздың игі мұрасы, халықтың үлкен рухани қазынасы деп білуіміз керек.

Түркі тілдес халықтарының фольклорлық прозасы мен фольклорлық жыр жауһарларының табиғатынан көркемдігі жоғары, адами жан-дүниенің шынайлығы мен арман-мүддесінің ақиқатын терең бере білетін ұлттық мәдениеттің тау биігі. Фольклорлық туындылардағы түркілердің табиғатпен байланысы, кеңістік құбыластарының өзгерістерімен үндестігі адам баласының ажырамас бір бөлігі болғандықтан сөз жоқ, ол сөз өнерінде де көркем бейнемен, тілдік шеберлікпен құбылып суреттеледі. Сондықтан да, фольклордың басты қайнар көзі табиғат, тылсым күш, жан-жануарлар әлемі, салт-дәстүр, таным мен дін, діл болғандықтан – мұның барлығы түркі әлемінің рухани күш-қуаты болып саналады. Түркі өркениеті мен руханияты арқылы түркі тектес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жаңа тұрғыда жаңғыртып, заманауи уақытқа таныстырудың ұлттық мүдделік жоспары жасалынуы керек. Ал ол тек ғылыми айналым қуаты арқылы талқыланып, жан-жақты кешенді түрді ғылыми тұжырымдамалармен дәйектелініп, фольклорист ғалымдардың зерделеу нәтижелері арқылы кемел болашаққа аманат етілуі қажет. Ол полиэтникалық тұтастық, діни келісім, мәдениеттер диалогы, ортақ мәдени игіліктер құру, жалпыадамзаттық гуманизм мен түркілік руханияттық құндылықтар аясында т.б. жүзеге асуы қажет. Ендеше, түркілік мәдени құндылықтардың алмасуы, танылмаған оқшау, оңды, тиімді деп табылған кәріністердің түркілік және әлемдік аренаға шығарылуы керек. Бүгін сол халықаралық түркі әлемі зерттеулері кеңістігінде ұлттық фольклорлық ерекшелік пен түркілік тұтастықты танытуда еңбек етуіміздің жаңа бағыттарына жол ашылып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Радлов, В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.5. Наречие дикокаменных киргизов / В.В. Радлов. – СПб. : [б.и.], 1885. – с. 3. – 599 с.
2. Қазақ фольклорының типологиясы. Алматы : «Ғылым», 1981. – 376 б.
3. Уәлиханов, Ш. Шығармалар жинағы. 5 том. Алматы : Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1985. — 528 б.
4. Сейітжанов, З. Фольклор шындығы. Алматы : Ғылым баспасы, 1990. – 265 б.
5. Әлкей, М. Ежелгі жыр аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р.Бердібаев – Алматы : Жазушы баспасы, 1985. – 368 бет.
6. Бердібаев, Р. Қазақ эпосы: жанрлық және стадиялық мәселелер. Алматы : Ғылым, 1982. - 232 б.
7. Уахатов, Б. Қазақтың халық өлеңдері. Алматы : Ғылым, 1974. - 288 бет.
8. Ысқақов, Б. Фольклорист – ғалым // Қызыл ту, 11 январь, №7 (9707), 1983. – 4-бет.
9. Бизақов, С. Түркі әлемі. Алматы, 1998.
10. Әуезов, М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.

11. Toparlı, R. Kitāb-ı Mecmū‘ı Tercümân-ı Türkî ve ‘Acemî ve Muğalî [Text].– Ankara : Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 p.
12. Турсунов, Е.Д. Генезис казахской бытовой сказки. Алма-Ата, 1973.– 152 с
13. Ölmez M. Orhon-Uygur Hanlığı Dönemi Moğolistan’daki Eski Türk Yazıtları. Ankara: BilgeSu, 2013. – s. 177